

2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 наурыздағы № А-3/64 қаулысы. Ақмола облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 1 сәуірде № 1-11-135 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы наурызда № 1163 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурызда № 250 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурызда № 1163 Жарлығын іске асыру туралы» қаулысына сәйкес, Есіл ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырылудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ, оқу орындарының шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды, «Ақмола облысы Есіл ауданының қорғаныс істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында өткізу қамтамасыз етілсін.

2. Аудандық әскерге шақыру комиссиясы 1 қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. «Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырылудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды 2010 жылғы сәуір-маусым, қазан-желтоқсан айларындағы мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы» Есіл ауданы әкімдігінің 2010 жылдың 22 сәуір № а -4/118 (мемлекеттік тізімінде № 1-11-119 тіркелген, аудандық «Жаңа Есіл» газетінің 2010 жылғы 18 маусымында жариялаған) қаулысының күші жойылған деп танылсын.

5. Есіл ауданы әкімдігінің осы қаулысының орындалуын бақылау Есіл ауданы әкімінің орынбасары С.К.Ағымбаеваға жүктелсін.

6. Есіл ауданы әкімдігінің осы қаулысы Есіл ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Есіл ауданы әкімінің
міндетін атқарушы Ә.Смағұлов
КЕЛІСІЛГЕН:

"Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы Есіл аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері міндетін атқарушы Қ.Қ.Әлмағамбетов

«Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрлігі Ақмола облысының ішкі істер департаменті Есіл ауданы ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Қ.Х.Балтабаев

«Ақмола облысының Есіл ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Ж.Х.Меңбаев

Есіл ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 18 наурыздағы

№ а-3/64 қаулысына 1 қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2011.07.29 № А-7/210 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Аудандық әскери шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ

Меңбаев Жанбота Хамитұлы	«Ақмола облысы Есіл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, шақыру комиссиясының төрағасы (келісімі бойынша)
Әбдрахманов Дархан Ернарұлы	«Ақмола облысы Есіл ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің кадрлық-ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар мәселелері жөніндегі бас маманы, шақыру комиссиясы төрағасының орынбасары
Комиссия мүшелері:	

Кәрімбаев Темірхан Тұяқұлы	«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысы Ішкі істер департаменті Есіл ауданы ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісімі бойынша)
Қойшыбаева Жібек Қабдешқызы	Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Есіл аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының терапевт дәрігері, медициналық комиссия төрайымы (келісімі бойынша)
Өтеева Дина Көпейқызы	Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Есіл аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ересек халық учаскелік медбикесі, комиссия хатшысы (келісімі бойынша)

Есіл ауданы
2011 жылғы 18
№ а-3/64 қаулысына 2 қосымша

әкімдігінің
наурыздағы

2011 жылдың сәуір-маусым және қазан–желтоқсанында мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды жүргізу кестесі

Р/с №	Село, селолық округ атаулары	Комиссия жұмыстарының күндері және шақырылушылар саны											
		01.04	04.04	05.04	06.04	07.04	08.04	11.04	12.04	11.05	25.05	15.06	30.06
1	Ақсай	16											
2	Біртал	24											
3	Бұзұлық		14										
4	Двуречный		22										
5	Жаныспай				22								
6	Заречный			35									
7	Знаменка		12										
8	Қаракөл					30							
9	Курский				25								
10	Красивый						47						
11	Красногор- ский кенті							30					
12	Московский			13									
13	Орловка					12							
14	Раздольный	10											
15	Свободный						2	20					
16	Юбилейный								30				
17	Ярославка								6				
18	Есіл қаласы		2		3	8	1		14	41	50	50	23

Р/с №	Село, селолық округ атаулары	Комиссия жұмыстарының күндері және шақырылушылар саны											
		03.10	04.10	05.10	06.10	07.10	10.10	11. 10	09.11	16.11	07.12	21.12	30.12
1	Ақсай	16											
2	Біргал	24											
3	Бұзұлық		14										
4	Двуречный		22										
5	Жаныспай				23								
6	Заречный			35									
7	Знаменка		12										
8	Қаракөл					30							
9	Курский				27								
10	Красивый						48						
11	Красногорский кенті							30					
12	Московский			15									
13	Орловка					12							
14	Раздольный	10											
15	Свободный						2	20					
16	Юбилейный								30				
17	Ярославка								6				
18	Есіл қаласы		2			8			14	50	50	47	50

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК